

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігінің Кен-металлургия кешені жөніндегі департаменті (басқармасы) туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 20 тамыз 1993 ж. N 716. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.11.23. N 1156 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің "Кен-металлургия кешенін мемлекеттік реттеуді жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1287 Жарлығының 2-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігінің Кен-металлургия кешені жөніндегі Департаменті (басқармасы) (бұдан былай - Департамент) туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігі орталық аппараты қызметкерлері саны 25 адамға және қызметтік автомобильдерінің лимиті жаңадан құрылған Департаментке арналып бір данаға арттырылсын. Департамент аппаратын ұстау шығындарын қаржыландыру мемлекеттік басқару органдарын ұстауға арналып республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылсын.

Қазақстан Республикасы министрліктері мен ведомстволарының басшылары, жетекші қызметкерлері және мамандары үшін көзделген еңбекақы жағдайы департаменттің қызметкерлеріне таратылсын.<*>

Ескерту. 2-ші тармақтың екінші абзацы жаңа редакцияда - ҚРМҚ-нің 1995.07.11. N 948 қаулысымен .

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі бір ай мерзімде Департаменттің құрылымы мен штат кестесін әзірлеп, бекітсін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Алматы қаласының әкімі Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігі Департаментінің аппаратын орналастыру үшін қызметтік үй-жай бөлу туралы мәселені шешетін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі, республикалық "Қазконтракт" контракт корпорациясы 1993 жылы Департаментке телефон және телекс байланысы арналарын, ұйымдық техника, бір жеңіл автомобиль және өтінімге сәйкес басқа да қажетті жабдықтар мен материалдар бөлсін.

6. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, облыс және Алматы қаласының әкімдері Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп

министрлігінің Кен-металлургия жөніндегі Департаментінің жұмысына жәрдемдесіп отыратын болсын.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 20 тамыздағы
N 716 қаулысымен
Бекітілген

**Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігінің
Кен-металлургия кешені жөніндегі Департаменті
(басқармасы) туралы Ереже**

1. Кен-металлургия кешені жөніндегі Департамент (басқарма) Қазақстан Республикасының кен-металлургия кешенінің шикізат базасын дамыту саласында мемлекеттік саясатты жүргізетін, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі құрамындағы орталық атқарушы өкімет органы болып табылады.

2. Департамент өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заң актілерін, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімдерін, сондай-ақ ведомстволық нормативті актілерді және осы Ережені басшылыққа алады.

3. Департаменттің негізгі міндеттері:

республиканың мұқтаждары үшін металл және одан жасалған өнімдер жөніндегі қажеттілікке талдау жасау және оларды өндіру деңгейін белгілеу;

мемлекет мұқтажына тапсырыс беруді қалыптастыру үшін бастапқы деректерді дайындау және кен-металлургия кешенінің инфрақұрылымын әлеуметтік-экономикалық дамыту жоспарларын әзірлеу;

республиканың мұқтажын ескере отырып, кешеннің объектілерінің стратегиялық дамуының айқындамасын және оларды орналастыру схемасын дайындау;

кешеннің ақпараттық және статистикалық-талдау деректерінің банкiсін жасау және оны қамтамасыз ету;

тиімді мемлекеттік саясатқа жағдай жасау және оны жүргізу, кенiшті игеру мен кен өндіру, байыту және металлургияның жана технологиялары жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру;

өнімді аттестациялау мен стандарттаудың нормативті құжаттамасын әзірлеу;
кешенді дамытудың мақсатты басым бағдарламаларын әзірлеп, жүзеге асыру,
шағын, орташа және бірлескен кәсіпорындар негізінде жоғары экономикалық
ә л е у е т ж а с а у ;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бірлесіп құрылыс салу және пайдалану үшін пайдалы қазба кен орындарын белгіленген тәртіппен шет ел фирмаларына беру туралы контракттарды дайындау;
кешеннің объектілерін салу үшін конкурстық құжаттарды дайындау және шетелдік кредиттердің қажеттілігін негіздеу;

Айналадағы ортаны қорғау және Халықтың денсаулығын қорғау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысу;

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігін, Министрлер Кабинеті және басқа мемлекеттік басқару органдарын кен-металлургия кешеніндегі істің жайы туралы ұсыныстық сипаттағы қысқаша және орташа мерзімдік болжам жайындағы ақпаратпен қамтамасыз ету.

4. Департамент өзіне жүктелген функциялық міндеттерге сәйкес:

Қазақстанда өндірілетін металдар балансының статистикалық есебін, әлемдегі металл балансының индикативті есебін жүргізеді, баланс өзгерісіне, нарықтың конъюктурасына болжамдық бағамдау жасап береді;

аймақтық мүдделерді және тұтас алғанда халық шаруашылығының экономикасын ескере отырып кен-металлургия кешенінің дамуына талдау, болжамдау жасайды және баға береді;

мемлекет мұқтажы үшін өнім беріп тұру көлемін қалыптастыруға қатысады;
кен-металлургия кешенінің инфрақұрылымын әлеуметтік-экономикалық дамыту жоспарын келісіп алады;

республикада іздестіру және геологиялық барлау жұмыстарын өрістету жөнінде Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігіне ұсыныстар әзірлейді;

Қазақстанның кен-металлургия кешенінің өндіріс технологиясы мен жасақтануы; шығарылатын өнімнің техникалық деңгейі; техника қауіпсіздігі, айналадағы ортаны қорғау және экология; еңбекке ақы төлеу, әлеуметтік-экономикалық кепілдіктер және т. б. жөніндегі әлемдік деңгеймен салыстырғандағы жайына талдау жасайды;

кешенді дамытудың, шағын, орташа және бірлескен кәсіпорындар есебінен жоғары экономикалық әлеует жасаудың мақсатты басым бағдарламаларын әзірлеп, жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бірлесіп құрылыс салу және пайдалану үшін пайдалы қазба кен орындарын белгіленген тәртіппен шет ел фирмаларына беру туралы контракттарды дайындайды;

кешеннің объектілерін салу үшін конкурстық құжаттарды дайындайды және шетелдік кредиттердің қажеттілігін негіздейді;

Республиканың Экономика министрлігімен бірлесіп, инвестиция-кредит саясатын қалыптастырады және өнеркәсіп кешендерін дамыту бағдарламасын қаржыландыруда оны жүзеге асырады.

5. Департаменттің құқығы:

Департаменттің шешімдері және алға қойылған міндеттерді орындауға бағытталған нұсқаулары, меншік нысандарына қарамастан, кен-металлургия кешенінің барлық кәсіпорындарына міндетті болып табылады.

6. Департаментті лауазымы жөнінен Өнеркәсіп министрінің орынбасары болып табылатын Бас директор басқарады. Бас директордың орынбасары - Бас директордың ұсынуы бойынша Өнеркәсіп министрі тағайындайтын Атқарушы директор.

7. Бас директор Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауап береді, жұмысын ұйымдастырады және оған бекітілген ұйымдардың қызметіне басшылық жасайды, мемлекеттік органдарда, ұйымдар мен кәсіпорындарда Департаменттің мүддесін білдіреді, банктерде есеп айырысу және басқа шоттар ашады, шарттар жасасады. Департаменттің қызметіне қатысты нормативті актілерді қабылдайды, қолданылып жүрген заңдардың негізінде және оларды орындау үшін бұйрықтар шығарады.

Департаменттің құрылымына, қызметкерлер санына және еңбекке ақы төлеу қорына сәйкес лауазымдық нұсқауларды, штат кестесін бекітеді.

8. Атқарушы директор Департаменттің барлық бөлімдерінің алдында тұрған міндеттер мен тапсырмаларды орындауға бағытталған жұмысын қамтамасыз етеді.

Бөлімдердің құрамын қалыптастырады, Бас директорға бөлім бастықтары қызметіне кандидатураларды ұсынады.